



**Ш. ЕСЕНОВ атындағы
КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК
ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ**

«Yessenov» республикалық оқушылардың пәндік олимпиадасының ЕРЕЖЕСІ

АҚТАУ 2019

1. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

1. Осы ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер жасалынған:
- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңы;
 - Yessenov University қабылдау Ережесі.

2. АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Yessenov University - Ш.Есенов атындағы КМТИУ

ҰБТ – ұлттық бірыңғай тестілеу

ҚР БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

3. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

3.1. Осы Ереже Yessenov University-де өтетін «Yessenov» республикалық оқушылардың пәндік олимпиадасының (бұдан әрі қарай – Олимпиада) мәртебесін, мақсаты мен міндеттерін және оны өткізу тәртібін анықтайды.

3.2. Олимпиаданың негізгі мақсаттары оқушылардың интеллектуалды және шығармашылық қабілеттерін айқындау және дамыту.

4. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1. Олимпиада: география, биология, физика, математика, химия, жалпы тарих, Қазақстан тарихы, орыс тілі/орыс әдебиеті, қазақ тілі/қазақ әдебиеті, ағылшын тілі пәндері бойынша өткізіледі.

4.2. Олимпиаданың ресми сайты: <http://yu.edu.kz>

4.3. Олимпиаданы ұйымдастыру мен өткізу жұмыстарын ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады.

4.4. Ұйымдастыру комитетінің құрамына төраға, орынбасарлары, жауапты хатшы және мүшелері кіреді. Ұйымдастыру комитетінің құрамы университет оқытушылары мен қызметкерлерінен тұрады.

4.5. Ұйымдастыру комитеті:

- 1) Олимпиаданы ұйымдастырудың барлық шараларын өткізуді жүзеге асырады;
- 2) Олимпиада кезеңдерінің өткізу тәртібі мен мерзімін анықтайды (1-2 кезең);
- 3) on-line режимде қатысушылардың тіркелуін ұйымдастырады;
- 4) Олимпиада туралы Ережеге сәйкес басқа да қызметтерді іске асырады.

4.6. Олимпиада қазылар алқасының төрағасы:

1) Ұйымдастыру комитетімен бірлесе отырып, Олимпиада 1-2 кезеңдерінің тапсырмаларын жасақтайды және бекітеді;

2) Тапсырмалардың ғылыми-әдістемелік деңгейіне, дұрыстығына және Олимпиада кезеңдеріне сәйкестігіне жауап береді;

3) Олимпиада тапсырмаларының құпиялығына жауап береді;

4) Олимпиаданың пәндік тапсырмаларының орындалуын бағалау критерийлері мен әдістемесін бекітеді.

4.7. Олимпиада қазылар алқасы:

1) Олимпиада пәндері бойынша тапсырмалар дайындайды;

2) Олимпиаданың пәндік тапсырмаларының орындалуын бағалау критерийлері мен әдістемесін дайындайды;

3) Олимпиада қатысушыларының жауаптарын тексерді;

4) Олимпиада жүлдегерлерін анықтайды;

5) Олимпиаданың пәні бойынша координаторына нәтижелер ведомосын ұсынады;

б) Олимпиада туралы Ережеге сәйкес басқа да қызметтерді іске асырады.

4.8. Бірінші кезең география, биология, физика, математика, химия, жалпы тарих, Қазақстан тарихы, орыс тілі/орыс әдебиеті, қазақ тілі/қазақ әдебиеті, ағылшын тілі пәндері бойынша тапсырмалардан тұрады.

4.9. Екінші кезең тапсырмасы, проблемалық-бағдарланған мәселелерді шешу есептер/сұрақтарына негізделген тест түрінде беріледі.

4.10. Жаратылыстану-математикалық бағыттағы олимпиаданың екінші кезеңінің тапсырмалары теориялық және практикалық есептер түрінде, ал жалпы-гуманитарлық бағытта эссе мен университеттің зертханалық кешендерінде жүргізілген жұмыстардың нәтижесі бойынша теориялық сұрақтардан тұрады.

5. ОЛИМПИАДАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

5.1. Олимпиада екі кезеңде өткізіледі.

Бірінші кезең – іріктеу кезеңі on-line түрінде **10 сәуір** дейін өткізіледі;

Екінші кезең – қорытынды кезең **19-20 сәуір** күні университет базасында өткізіледі.

5.2. Олимпиадаға Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарының 11-сынып оқушылары қатыса алады.

5.3. Оқушылар тек бір пән бойынша ғана Олимпиадаға қатыса алады.

5.4. Бірінші кезең қорытындысы бойынша тиісті ұпай жинаған қатысушы келесі кезеңге қатысуға жіберіледі.

5.5. Олимпиада кезеңдерінің қорытындылары әр бір қатысушының жеке көрсеткіштері бойынша анықталады.

5.6. Бірінші кезең ережесі:

1) Қатысушылар <http://olimp.yu.edu.kz> сайтына тіркеледі (өзі туралы толық ақпаратты кириллицамен толтыруы қажет) және тестілеуден өтеді.

2) Қатысушы өзі таңдаған пән бойынша тест тапсырмаларын орындайды (тест тапсырмасын тапсыруға 45 минут беріледі).

3) Қатысушы тек бір рет ғана, пән бойынша тест тапсыра алады. Екінші рет тапсырған тест қорытындысы есепке алынбайды.

4) Әр бір қатысушының уақыты жүйеге кірген сәттен басталады.

5.7. Бірінші кезең қорытындысы бойынша жеңімпаз Ақтау қаласындағы Ш.Есенов атындағы КМТИУ базасына келеді.

5.8. Олимпиадаға қатысуға кететін барлық шығындар (көлік, тамақтану және т.б.) қатысушы жақ есебінен жүргізіледі.

5.9. Екінші кезең барысында Ұйымдастыру комитеті қатысушыларды жатақханаға орналастыру жұмыстарын жүзеге асырады. Бұл үшін қатысушы алдын ала on-line жатақханаға орналасуға сұраныс беруі қажет.

5.10. Аудиторияларда екінші кезең өткізу кезіндегі Ереже:

1) Қатысушы аудиторияға өзінің жеке басын куәландыратын құжатын, қаламсап пен қаламын ғана алып кіре алады.

2) Олимпиаданың алғашқы 1 сағатында аудиториядан шығуға тыйым салынады.

3) Олимпиада барысында аудиторияда ұялы телефонды пайдалануға, тапсырмаларды ауыстыруға және орындарын ауыстыруға қатаң тыйым салынады. Егер аталған тәртіпсіздіктер орын алған жағдайда аудиториядан шығарылып жіберіледі.

4) Ақпараттық әдебиеттерді (Менделеев кестесі мен тұзды еріткіштер кестесінен басқасын), сонымен қатар электронды құралдарды (калькулятор, ұялы телефон және т.б.) пайдалануға тыйым салынады. Егер аталған тәртіпсіздіктер орын алған жағдайда аудиториядан шығарылып жіберіледі.

5) Олимпиада барысында қатысушылар ұйымдастырушылар мен кезекшілердің нұсқауларын сақтау қажет.

б) Екінші кезең тапсырмалары алды ала таратылған бетшелерге орындалады.

6. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

6.1. Олимпиада жеңімпаздары I, II, III дәрежелі дипломмен марапатталады және география, биология, физика, математика, химия, жалпы тарих, Қазақстан тарихы, орыс тілі/орыс әдебиеті, қазақ тілі/қазақ әдебиеті, ағылшын тілі пәндері бойынша Ш.Есенов атындағы КМТИУ ішкі 60 грантына (жеңілдік), ие болады:

1 орын (20)– 4 оқу жылына 100 % жеңілдік;

2 орын (20)– 4 оқу жылына 75 % жеңілдік;

3 орын (20) – 4 оқу жылына 50 % жеңілдік.

- «**Yessenov**» республикалық олимпиадасының жеңімпазы Yessenov University оқу үшін ҰБТ-ға қатысып, шекті балды алуы тиіс.

- Келесі оқу жылына оқу ақысын төлеудегі жеңілдіктер мен гранттар GPA нәтижесі (3,0 кем емес) бойынша жүргізіледі.